

Г.И. Ишкалова 

I. Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Қазақстан, Талдықорған қ.
e-mail: ishkalova0703@mail.ru

XVIII-XIX ҒҒ. ҚАЗАҚ АҢШЫЛЫҒЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ

Қазақ халқының тарихы мен этнографиясы патшалық Ресей саяхатшылары, шенеуніктері, әскери офицерлері және зерттеушілері тарапынан әртүрлі мақсатта қызығушылық тудырып, үнемі зерттеу нысанында болды. Олардың еңбектерінде қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы мен аңшылықтың әдістері, тәсілдеріне қатысты құнды мәліметтер ерекше орын алды. Әр кезеңде осы мәселемен айналысқан ғалымдар патшалық зерттеушілерінің еңбектеріне сүйеніп, талдаулар жасап ғылыми айналымға мүмкіндігінше енгізіп отырды. Дегенмен, патшалық үкімет зерттеушілерінің көптеген еңбектері назардан тыс қалып, қазақ аңшылығына арналған зерттеулер ретінде жинақталып, толық талданбады. Біз осы мақаламызда XVIII-XIX ғғ. патшалық Ресей зерттеушілерінің еңбектеріндегі дәстүрлі қазақ аңшылығына қатысты мәліметтерді ғылыми айналымға енгізіп, оның маңыздылығын ашуға талпыныс жасаймыз. Жұмыстың деректанулық негізін орыс зерттеушілерінің еңбектері мен ҚР ОМА-ның құжаттары құрайды. Аталған деректерді талдау барысында қолданылған деректанулық әдіс қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы жайлы мағлұматтарды егжей-тегжейлі зерттеп, ғылыми тұрғыда талдау жасауға мүмкіндік береді. Келтірілген деректер мен мәліметтер XVIII-XIX ғғ. қазақ аңшылығының дамуын, аймақтық ерекшеліктерін, пайда көзіне айналуы мен оның өзгеріске ұшырау себептерін, аң аулау тәсілдерін айқындауға жол ашты.

Түйін сөздер: дәстүрлі аңшылық, патшалық үкімет зерттеушілері, деректер, архив құжаттары, қазақ қоғамы, көшпелі шаруашылық, аушы құстар, аң аулау тәсілдері.

G. Ishkalova

Zhetysu University named after I. Zhansugurov, Kazakhstan, Taldykorgan
e-mail: ishkalova0703@mail.ru

Studying the kazakh hunting in the 18-19th centuries

The history and ethnography of the Kazakh people aroused great interest from Russian travelers, officials, military officers and researchers for various purposes, thus remaining the main object of study. Their writings contain valuable information about the traditional hunting of the Kazakhs. Scientists who dealt with this problem in different periods relied on the works of Russian researchers and tried to introduce them into scientific circulation as much as possible. However, many of their works were not fully considered as sources on the history of hunting of the Kazakhs, they did not receive a proper assessment, making up only as works on this problem. In this article, we are trying to introduce into scientific circulation information about the traditional hunting of the Kazakhs, which is contained in the works of Russian researchers of the 18-19th centuries, and to reveal their scientific significance. The source base of the article is the works of Russian researchers and archival materials of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan. The source study method used in the analysis of these materials made it possible to study in more detail information about the traditional hunting of the Kazakhs and make an analysis at the scientific level. The given data made it possible to determine the development of Kazakh hunting in the 18-19th centuries, to reveal its regional features, methods of hunting, the reasons for its transformation and turning it into a source of profit.

Key words: traditional hunting, Russian researchers, sources, archival materials, Kazakh society, nomadic economy, hunting birds, hunting methods.

Г.И. Ишкалова

Жетісуский университет им. И. Жансугурова, Казахстан, г. Талдықорған
e-mail: ishkalova0703@mail.ru

Изучение охоты казахов в XVIII-XIX вв.

История и этнография казахского народа вызывали огромный интерес со стороны российских путешественников, чиновников, военных офицеров и исследователей в разных целях, оставаясь тем самым основным объектом изучения. В их трудах встречаются ценные сведения о

традиционной охоте казахов. Ученые, которые занимались этой проблемой в разные периоды, опирались на труды российских исследователей и старались максимально ввести их в научный оборот. Однако многие их работы были не полностью рассмотрены как источник по истории охоты казахов, не получили должной оценки по этой проблеме. В данной статье мы пытаемся ввести в научный оборот сведения о традиционной охоте казахов, которые содержатся в трудах российских исследователей XVIII-XIX вв. и раскрыть их научную значимость. Источниковедческую базу статьи составляют труды российских исследователей и архивные материалы ЦГА РК. Использованный источниковедческий метод при анализе данных материалов позволил более детально изучить сведения о традиционной охоте казахов и сделать анализ на научном уровне. Приведенные данные позволили определить развитие охоты казахов в XVIII-XIX вв., раскрыть ее региональные особенности, способы охоты, причины трансформации и превращения ее в источник прибыли.

Ключевые слова: традиционная охота, российские исследователи, источники, архивные материалы, казахское общество, кочевое хозяйство, ловчие птицы, способы охоты.

Кіріспе

Адамзат қоғамы пайда болғаннан бастап аңшылық барлық халықтың өмірінде маңызды орын алды. Ол алғашында негізгі шаруашылықты құрағанымен, өндірістік шаруашылықтың дамуымен қосалқы шаруашылыққа айналды. Қазақ халқы да аңшылықпен ертеден айналысып, өзіндік дәстүрлілік қалыптастырды. Көшпелі қоғамда негізгі көшпелі мал шаруашылығының өнімімен қатар аңшылық өнімі де пайдаланылды. Аңшылық қосалқы тамақ өнімі ретінде ғана емес, демалу, қоршаған ортаны тану, білу, серуен, болашақ ұрпақты әскери және т.б. тұрғыдан тәрбиелеуге мүмкіндік берді. Сөйтіп, қазақ халқы күрделі экожүйеде өмір сүріп, оны барынша меңгеріп, ондағы өзгерістер мен заңдарға бағына отырып, сан ғасырлық тәжірибе нәтижесінде көшпелі мал шаруашылығымен бірге дәстүрлі аңшылық өнерді дамытты. Қазақ аңшылығы әр кезеңде этнография ғылымында әртүрлі деңгейде зерттеліп, көбіне ғылыми мақалалар шегінде көрініс тапты. Бұл зерттеулерде XVIII-XIX ғғ. қазақ тарихын, мәдениетін, тұрмыс-тіршілігі мен салт-дәстүрі жайлы жазбалар қалдырған патшалық Ресей үкіметінің ғалымдары, саяхатшылары, шенеуніктері мен әскери офицерлерінің еңбектері негізге алынды. Өйткені, Қазақстанның Ресей құрамына енуінің аяқталуымен патшалық қазақ жерін жан-жақты зерттеуге кірісті. Олар қазақ тарихы, этнографиясы, географиясы мен мәдениеті жайлы көптеген мәліметтер қалдырды және де ол еңбектердегі мәліметтер XVIII-XIX ғғ. дәстүрлі аңшылықтың дамуы, қазақ өмірінде алатын орны, трансформацияға ұшырау себептерін айқындауға көмектеседі. Мақаланың мақсаты – XVIII-XIX ғғ. патшалық Ресей зерттеушілерінің еңбектеріндегі қазақ аңшылығына қатысты

мәліметтерге тарихнамалық талдау жасап, оларды ғылыми айналымға енгізу және талдау.

Материалдар мен әдістер

Жұмысты жазу барысында XVIII-XIX ғғ. әртүрлі мақсатпен қазақ даласында болып, қазақ этнографиясы жайлы мағлұматтар қалдырған патшалық үкімет зерттеушілерінің еңбектері пайдаланылды. Біз бірнеше жазбалар арасынан дәстүрлі аңшылыққа қатысты құнды мәліметтер кездесетін Х.Барданес, Я.П.Гавердовский, А.Евреинов, Ф.Жуков, Г.С.Загряжский, Я.Я.Полферовтың еңбектерін және патша үкіметінің қазақ даласын зерттеу үшін ұйымдастырған экспедицияларының этнографиялық очерктерін негізге алдық. Олардың еңбектері сипаттамалық бағытта болғанымен, қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы туралы көптеген мағлұмат беріп, репрезентативті деректерді құрайды. Әсіресе, әрбір өңірдің аймақтық ерекшеліктерін айқындауға мол мүмкіндік береді. Бұрын жарияланбаған ҚР ОМА-ң құжаттары мақаланың деректанулық негізін байыта түседі. Аталған материалдарда патшалық үкіметтің қазақ даласында аңшылыққа рұқсат куәліктерін беру арқылы аң аулауды реттеуге қатысты шешімдері, жергілікті халыққа жыртқыш аңдарды аулағаны үшін тағайындаған сыйақылары туралы мәліметтер кездеседі. Сонымен қатар, 2018 жылы Ә.Ш.Бимендиевтің жетекшілігімен жарық көрген басылымдағы қазақтардың аңшылығы жайлы Н.Н.Каразин, В.В.Верещагин, А.Е.Мартынов және т.б. орыс суретшілерінің суреттері де жазбаларды дәлелдеуге негіз болды (Kazakhs, 2018).

Ғылыми зерттеу методологиясы жалпы ғылыми принциптермен қатар, арнайы тарихи таным әдістерін қолдану арқылы негізделді.

Тарихилық, объективтілік, әлеуметтік талдау және ретроспективті әдістер зерттеу барысында қойылған міндеттерді ұтымды шешіп, ретроспективті әдіс мәселені тарихи дамуда зерттеуге жол ашты және жергілікті халықтың жағдайын зерттеуге әлеуметтік талдау мүмкіндік берді. Атап айтар болсақ, XIX ғасырда патшалықтың құрамына қазақ жерлерінің енуінің аяқталуы кезеңінде қазақ аңшылығының өзгеріске ұшырауы және оның дәстүрлілігін жою себептерін ашу үшін пайдаланылды.

Нәтижелер мен талдаулар

Зерттеу барысында қазақ халқының дәстүрлі аңшылығы мәселелерімен әр кезеңде айналысқан зерттеушілер патшалық тұсындағы деректер мен жазбаларды негізге алып отырғаны байқалды. Көбінесе, ғылыми мақалалар, ғылыми-көпшілік еңбектер және оқулықтардағы жекелеген бөлімдерде қарастырылған. Тақырыпты тарихнамалық талдау патшалық Ресей зерттеушілерінің еңбектері қазақ аңшылығы бойынша дерек ретіндегі маңызы толық қарастырылмай, аңшылықты сипаттау, техникасы, құралдары мен жалпылама мәліметтер шегінде алынғанын көрсетті. Ал, дәстүрлі аңшылықтың қоғамдағы орны, оның өзгеріске ұшырауы, дәстүрліліктің жойылып, жабайылыққа айналуы секілді мәселелер көлеңкеде қалған.

Қазақстан ғылымында қазақ аңшылығы мәселесіне алғашқылардың бірі болып ғылыми тұрғыдан зерттеуін арнаған М.С.Мұқанов болды. Ғалым ғылыми мақала жазғанымен, ол осы мәселемен айналысатын болашақ зерттеушілер үшін іргелі ғылыми зерттеу және нұсқаулық іспеттес болды. Ғалым Я.Я.Полферов, И.Орехов, К.Немврод еңбектеріне сүйене отырып, «аушы құстармен аң аулау еңбекші-қазақтарда кеңінен таралып, бізге тек маусымдық түрі ретінде сақталды» деп тұжырымдайды (Муканов, 1983: 48).

1995 жылы жарық көрген «Қазахи» атты кең оқырман қауымға арналған кітапта Л.Мейер, В.П.Наливкин, К.Ширинкин, М.А.Леваневский, Я.Я.Полферов, А.Харузин, Е.К.Мейендорф және т.б. еңбектері негізінде қазақтардың аушы құстармен аулауы, оларды баптауы, тазымен аңға шығу, мылтықпен аулау және басқа да тәсілдер жайлы жазылған (Қазахи, 1995).

Қазақтың дәстүрлі әскери өнері мәселелерін зерттеу барысында А.К. Кушкумбаев А.И.Левшин, Н.И.Гродеков, А.К.Гейнс және т.б. еңбектерін пайдаланды. Автор, аталған еңбектер

негізінде қазақ қоғамында көшпелі-қазақ халық жиналысының мүшесі бола отырып «қыстау, жайлау, тыныштық және қалай соғысамыз және қорғанамыз» деген мәселелерді шешуге араласып, дәстүрлі аңшылық өнердің әскерді ұйымдастырудағы ерекше ролін айқындайды. Ол ойын былайша тұжырымдайды: «Қазақ халқының дәстүрлі әскери ұйымдастырылуы рутайпалық негізде болды...Бірігіп аңға шығу, аң аулау кезіндегі қаумалап аулау, қоршауға түсіру секілді әдістер шайқас кезінде сөзсіз бір-бірін түсінуге мүмкіндік берді» (Кушкумбаев, 2001: 97). Б.Хинаят және Қ.М.Исабековтің «Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы» атты ғылыми-көпшілік кітабында В.Орлов, Я.Я.Полферов және М.Богдановтың еңбектері пайдаланылып, аушы құс пен тазыны қолға үйрету, онымен аңға шығудың ерекшеліктері айқындалған (Хинаят, Исабеков, 2007). Профессор Ахмет Тоқтабай қазақ тазысына арналған кітабында иттің шығу тегі, сыны, аң қағу әдістерін далалық материалдармен қатар, А.Е.Алекторов, М.Богдановтың тазы туралы зерттеулерін пайдаланған (Тоқтабай, 2013). Ал, белгілі этнограф Т.Е.Қартаева Сыр өңірі қазақтарының этнографиясын зерттеуде В.Наливкин, П.И.Рычков, П.И.Пашино, А.П.Смирнов, Ф.Жуков, Г.С.Загряжский және т.б. еңбектерін кеңінен пайдаланып, Сыр өңірінің аңшылық кәсібінің қыр-сырын ашуға тырысқан (Қартаева, 2015: 174-184).

Орыс зерттеушілері қоршаған ортаның аңшылыққа қолайлылығы, флора мен фаунаың молдығы, аң аулауда аушы құстар, тазы және мылтық қолданылғандығы туралы мағлұмат береді. Олардың басым бөлігі И.П.Фальк, И.Г.Георги, Л.Мейер және т.б. аңшылық келденген қазақтар үшін кәсіпті құрады деп пікірін білдірсе, А.Евреинов, Г.С.Загряжский, В.В.Радлов ауқаттылар үшін әлі де болса табиғат аясында демалып, рахатқа бөленіп уақыт өткізу ретінде болды деп тұжырымдады. Сонымен қатар, тағы да назар аударатын жәйт – патшалық үкімет зерттеушілерінің бірқатары қазақтарды даланың қоршаған ортамен етене араласқан білімді халқы ретінде таныса, екінші бір тобы мәдениеті жоқ көшпелі халық ретінде бағалады. 1880 жылы жарық көрген «Народы России» атты басылым бетінде Ресей халықтарының қатарында «Киргизы» деп берілген жеке бөлімде: «Далалық-көшпелінің саятшылығы бірегей дәстүр болып табылады, оны біздің боярлар мен князьдар еліктеп қабылдап алған. Саятшылық қырғыздар үшін кәсіп те пайда көзі де емес, керісінше бай қырғыздардың

бірсарынды өмірден демалудың ұлттық әдеби, қызықты уақыт өткізуі. Сондықтан, саятшылық ұлттық халықтық дәстүр деуге болады», – деп ерекше баға береді (Народы России, 1880: 164). «Боярлар мен князьдер еліктеп...» деген сөзді архив құжаттарында кездесетін мына материалдар ерекше назар аударуға итермелейді. Яғни, ҚР ОМА құжаттарында патша сарайына қазақ даласынан аңға үйретілген бүркіт тауып, беріп жіберу туралы құжат кездеседі (ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 2845. 40 п.). Жалпы, біз қарастырған кезеңде қазақтар аң-құстың барлық түрін аулаған: аю, арқар, марал, қасқыр, жолбарыс, қабан, сілеусін, борсық, түлкі, қоян, елік, қарақұйрық, таутеке, құлан, ақкіс, ал құстардан: ұлар, кекілік, үйрек, қаз, бөдене, дуадақ, қоқиқаз, татрен, күржікей, шіл, шалшықшы, құр тұқымдас құстар, дыркептер мен жылқышы құстар, қара шалшықшы, шәукілдек және т.б.

1789-1800 жж. Орынбор және Орынбор шекаралық комиссиясында біраз жылдар қызмет атқарып, кейін 1802 жылы І Александрдың бұйрығымен Бұхар хандығына жіберілген сауда-дипломатиялық елшіліктің жетекшісі болып тағайындалған Я.П.Гавердовский Түркістан аумағы туралы көп мәлімет қалдырды. Бұл елшілік сауда-дипломатиялық бағытта болып, қазақ даласы арқылы Ресей мен Бұхар хандығы арасындағы сауда-саттық байланыстарды реттеу үшін жіберілгендіктен, жол-жөнекей қазақ жерін барынша бақылап, зерттеп өтті. Я.П.Гавердовский еңбегінің бір бөлігін күнделік ретінде, екінші бөлігін зерттеулік сипатта жазған. Міне, осы екінші бөлігі біз үшін ерекше қызығушылық тудырады. Автор: «Аңшылық қазақтар үшін мал шаруашылығынан кейінгі екінші кәсіпті құрайды. Ол пайда көзі де, рахаттануды да білдіреді», – деп жазады (Гавердовский, 2007: 479). Әрине, негізгі мағлұматтар аздау болғанымен, қазақ даласында кездесетін аң-құстарды атап көрсетуі, ХІХ ғасырда әлі де болса мылтықпен емес, садақпен аң аулаудың басымдау болуы, қақпан, аушы құстар және тазымен аң аулауы туралы жазбалары құнды. Дәл осындай мағлұматтарды, яғни қазақ даласын мекендейтін аңдарды атауларымен және олардың сипаттамасын ХVІІІ ғасырда Христофер Барданес те ұсынады (Барданес, 2007: 135). Автор Түркістан аумағында қасқыр, жолбарыс, қабан, сілеусін, борсық, түлкі, қоян, елік, қарақұйрық, таутеке, құлан, ал құстардан: бүркіт, сұңқар, қаршыға, қырғи, ұлар, кекілік, үйрек, қаз мекендейтіндігін жаза келе, аю, қоян, борсық, қосаяқ және т.б. сипаттау барысында

әртүрлі ауруларды емдеу қасиеті жөнінде де тоқталады.

Бөкей Ордасында болған А. Евреинов: «Қазақтар бос уақытын аң аулау арқылы өткізеді. Ол үшін қыстыгүні қаршығамен аңға шығады. Аңды көрген қазақ құсының томағасын шешіп қоя береді де, ұстаған соң жылдам жетуге тырысады. Өйткені, мұсылман болған соң аңды құс өлтірмей тұрғанда арнайы дұғасын оқуы тиіс», – деп жазады (Евреинов, 2010: 157). Автор, Бөкей Ордасында негізінен қасқыр және ақбөкен аулау кең тарағандығын ескереді. Мұны өңірдің аңға кедей екендігін, ал ақбөкенді аулаудың қолайлылығы – қыста қатты аяз немесе боранда ауылға ығып келуінің себебінен оңай болды деп тұжырымдайды. Бұл өңірде негізінен қасқыр аулау басым екендігін сол кезде өмір сүрген алғашқы жергілікті зерттеушілердің бірі болып есептелетін М.С.Бабажанов та нақтылайды. Оның пікірінше, жергілікті тұрғындар малын қорғау мақсатында түз тағысын есепсіз және еш ережесіз, жабайы түрде аулаған (Бабажанов, 1871: 49). Ал, келесі жинақ авторлары Жетісу қазақтары арқар мен маралды көптеп аулап, соңғысын қымбат бағаланатын мүйізіне бола қызыққан деп келтіріледі. Жинақта: «Маралдың мүйізі жыл сайын сәуір, мамыр айларында қайта жаңаратыны ғылымнан белгілі. Ал, қытайлықтар маралдың әлі қатаймаған жас мүйізіндегі қан адам күшін қалпына келтіру қасиетіне ие деп санайды. Мұны білген қазақтар маралдың мүйізін Қытайға өткізуге тырысады. Әрбір мүйізге қытайлар базар нарығында 200 рубльге дейін төлейді. Аңшылар болса, мүйізді қолма-қол 5-10 рубльге сатып, терісін де пайдаға жұмсаған» (Туркестанский край, 1880: 99). Зерттеушілер жылдан жылға Жетісу тауларында аңдардың азайып және соған сәйкес бағаның да өсіп бара жатқанын тілге тиек етеді. Міне, осы жағдайлар, сонымен қатар, патшалық үкіметтің жүргізген отаршыл саясаты қазақ қоғамының күнделікті өміріне айтарлықтай өзгерістер енгізіп, аңшылықпен айналысушылардың қатарын көбейтті. Сөйтіп, өз кезегінде күнелту және пайда үшін кедейленген қазақтардың жабайы аңшылыққа айналдыру үрдісі орын алды. Ал, отаршыл үкімет аң аулауды, оның ішінде аң терісін сатуды бақылау және қадағалау мақсатында «Аңшылық туралы Заң» қабылдап, оны барынша реттеуге тырысты. Мысалы, 1892 жылы Ресей империясының Ішкі істер министрлігі Далалық облыстарда аңшылық туралы Ереже қабылдаған (ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 31664. 26 п.). Аталған құжатқа сәйкес, аңшылық куәліктері

беріліп, аңшылық маусым белгіленген. Аң аулаудың қай түріне болса да аңшы куәлігінің болуы, жеке меншік жерге аң аулау үшін иесінің жазбаша түрде келісім беруі, егістік алқаптарда және аңдардың көбеюі кезінде аң аулауға тыйым салынуы туралы ескертілген.

«Түркістан уәлаяты газеті» бетінде мақала жариялаған Ф.Жуков кейде тіпті күз бен ерте көктемде Түркістан аумағында 200 бас ақбөкен табынының кездесетінін келтіреді (Жуков, 2006: 9). Оларды қуып жету қасқырға сирек бұйыратын олжа екені айтылады. Автор, өзен алқаптарындағы қамыстарда кездесетін жолбарыстар, қабан, жабайы қаз көп кездесетінін айтады. Сыр өңірінің қазақтары жабайы қазды қыл тұзақпен аулаған. Жылқының қылынан жасалған тұзаққа түскен қаздар оралып қалады, қанатымен жылдам қағып, қаздардың тобын үркітеді. Олар аспанға көтерілген сәтте, аңшы тұзақтан қазды босатып алып, тірідей үйіне алып кеткен. Кейде жабайы үйректі ұстау үшін су бетіне тұзақ құрған. Сонымен қатар, қыл тұзақтарды тасқа байлап, судың түбіне тастаған. Су астына сүнгіген үйрек, тұзаққа түсіп, босай алмаған ол ауа жетпей ұсталған. Олжаны аңшы таңертең барлық үйректер ауаға көтерілген кезде иеленген. Қазақтар қаз бен үйректі егінді жинаған соң, шаруашылық жұмыстар азайған кезде, яғни тамыз, қыркүйек, қазан айларында аулаған. Ф.Жуков бөдене аулауда да бірнеше әдістер қолданғаны туралы жазады. Солардың бірі – суы тартылған немесе орылған жоңышқа егілген жерге лай тұзақ құру. Келесі әдістің түрі – тор қаппен аулау. Осындай аңшылыққа бейімделген иттер бөденені үркітеді. Сонда аңшы үркіп аспанға көтерілген құсты лезде тормен жаба қояды. Автордың айтуынша, бұл әдіс асқан шеберлікпен ептілікті талап етеді және күніне 5-6 бөдене аулау мүмкіндігі бар. Зерттеуші, сонымен қатар өзі бөдене аулауда бірегей әдіс ретінде таныған әдісті келтіреді: аңшы шапанды жамылып, оның жеңдеріне көлденеңінен ағашты бекітіп, иығына асып, қолына торын ұстап алады да жоңышқа алқабына барады. Осылай бүркеме киген аңшы ауық-ауық ақырын шапанның жеңімен бұлғап қояды. Ондағы мақсат – бүркіттің ұшуын бейнелеу. Арасында тоқтап-тоқтап, айналасына қарап бөдененің тұрған жерін де байқап алады. Жыртқыш құсқа балаған бөденелер егістікке жер бауырлап, жатып қалады. Содан соң аңшы жақын барып оны тормен жауып аулап алады. Ф.Жуков мұны ермек деп қабылдайды (Жуков, 2006: 13). Сонымен қатар, зерттеуші қырғауыл көптеп кездесетін жерге қазық қағып, оған жүгері

дәні байланған жіңішке жіпті бекітіп, қырғауыл аулау үшін қармақ жасайтынын айтады. Дәнді жеген құс қармаққа түсіп, ұшып кете алмай, аңшы келгенге дейін сол жерде айналшықтап жүреді. Қырғауылды күз және көктемде аулаған.

Я.Я.Полферов «Тургайская область на все-российской художественной и промышленной выставке в Нижнем Новгороде» атты еңбегін 1895 жылы жазады. Автор кіріспесінде Торғай облысы жалпыресейлік көрмеде алғаш рет қатысып отырғаны және оған рұқсаттың 1895 жылы тамыз айында берілгендіктен, мағлұмат жинау мүмкіншілігі аз болғанын айтады. Ол мүмкіншілік ауа-райының қолайсыздығымен, атап айтсақ, күз бен қыста далада жүру мүлдем мүмкін емес дейді. Автор очеркте Торғай облысының географиялық жағдайы, халқы, тұрмысы жайлы мағлұмат беріп, оны «Ауыл шаруашылығы», «Мал шаруашылығы», «Аңшылық», «Орман шаруашылығы және флора», «Тау-кен ісі», «Қолөнер», «Этнография бойынша экспонаттар коллекциясы» және «Халық ағарту ісі» секілді 8 бөлімге бөлген.

«Аңшылық» атты бөлімінде Торғай облысы Орта Азияда фаунасы бойынша ең бай өлке дей келе, құлан, ақбөкен, қабан, қарсақ, қасқыр, түлкі, қоян және т.б. аңдардың көптеп кездесетінін жазады. «Қазақтар аушы құстар, тазы және садақпен аң аулады дейді. Қыран құстармен аң аулау осы күндері тек ауқатты қырғыздардың ғана көңіл көтерер өнері. Тазымен аң аулау кең тараған. Қазақ тазысы парсы итінен сұрыпталған. Ал, мылтықпен аулау соңғы кезде ғана башқұрттардан келді», – деп келтіреді (Полферов, 1896: 9). Аңшылық қазақтарда осы күндері тонаушылық тәсілге ие. Терісі бағалы аңдардың бағасын білмейтін аңшы-қазақтар теріні татар алып-сатарларға арзан бағаға өткізеді. Дегенмен, бағалы теріні сату көшпелінің негізгі пайда көзі болып табылмайды. Бірғыз және Ақтөбе уездері бағалы теріні сатудан алдыңғы қатарда», – деп жазады. Автор бөлімнің соңында жыл сайын ауланып, өткізілген аңдардың санын келтіреді. Аталған еңбекті қарастыру барысында бұл кезеңде қазақтар аңшылық өнімдерін түкке тұрмайтын бағаға сатып, дәстүрлі өнер сауда көзіне айнала бастағанын байқаймыз.

Іле өзені және Сыр өзенінің бойындағы қамысты алқаптарда жолбарыс мекендеген. Қазақ даласын суреттеген поляк саяхатшысы Б.Залесский: «Сыр бойының қамысты алқабын қазақтар «патша-жолбарыс» деп атайтын жолбарыс мекендейді», – деп жазады (Залесский, 1991:

29). Түркістан генерал-губернаторлығында әскери қызметте болған Г.С.Загряжский Сыр өңірі қазақтарының киіз үйдің керегесін құру арқылы жолбарысты аулап, сыйақыға шенеуніктерге өткізді дейді (Загряжский, 1874: 114). Бұл туралы Ш.Ш.Уәлиханов: «...Олардың қырғыз-қайсақ табындарына шабуылы да үйреншікті жәйт, кейде тіпті ауыл маңын торуылдап жүретіндіктен, жергілікті халық оларды лажын тауып соғып алып, терісін орыстарға күміс ақшамен 20 сомға сатады», – деп жазды (Уәлиханов, 1984: 154). Ал, архив құжаттарында жолбарыс терісі үшін Сыр өңірі қазақтарының 15 рубль көлемінде сыйақы алып отырғаны туралы кездеседі (ҚР ОМА. Қ. 383. Т.1. Іс 22. 100 п.). Жоғарыда келтірген Г.С.Загряжскийдің мәліметін П.И.Пашино да нақтылайды (Пашино, 1868: 44).

Қорытынды

Ойымызды қорытындылай келсек, XVIII-XIX ғғ. қазақ этнографиясы жайлы жазбалар қалдырған патшалық үкіметтің саяхатшылары, ғалымдары, әскери офицерлері, шенеуніктері және т.б. дәстүрлі аңшылық жайлы мүмкіндігінше мол мағлұмат қалдырған. Олар жергілікті қазақтардың қақпан құру, өртеу арқылы, аушы құстармен, тазымен, мылтықпен, садақпен, кереге құру арқылы, із шалу, улау арқылы, қысаңға қамау арқылы, торуылдап аулау, түгін салу,

қоршауға алу, айналып аулау, ор қазу, аран құру, арық қазу арқылы, шақыру арқылы, ұрып алу арқылы және т.б. әдістер арқылы аулағаны туралы мәліметтер береді. Жоғарыда көрсетілген деректер қазақтар аңшылықпен көшпелі мал шаруашылығымен қатар айналысқан және патшалық Ресей басқару жүйесін өзінің саяси жүйесіне барынша жақындату мақсатында XIX ғасырда жүргізген әкімшілік-территориялық реформалары, жалпы, барлық аймақтарда әскери қамалдар мен бекіністердің салынуы сияқты отарлау жұмыстары өз кезегінде қазақ халқының шаруашылық өміріне түбегейлі өзгеріс алып келді деп тұжырымдауға мүмкіндік береді. Дегенмен, аңшылық қоғамда белгілі бір топтың тіршіліккамы жүйесінде қажетін қамтамасыз етіп, ал жоғарыда айтқан саяси реформалар ата кәсіптің дәстүрлілігін жойып, өзгеріске ұшырауына, пайда мен күнелту көзіне айналғанын байқатады. Өз кезегінде отаршыл үкімет бізге беймәлім себептермен жергілікті экожүйені сақтау мақсатында өз тарапынан әртүрлі шешімдер қабылдауға тырысты. Ол әрекеттер аңшылық туралы заңдар қабылдаумен, аңшы куәліктерін енгізумен, сауданы бақылаумен реттелді. Алайда, қазақ халқының көшпелі екенін ескерсек, саудаға шығарылған аңшылық өнімдерін қадағалау мүмкін емес еді. Далада айырбас сауда, жәрменке немесе шекаралас елдерге шығарылған аңшылық өнімдері есептен де, бақылаудан да тыс қалды.

Әдебиеттер

- Бабаджанов Х.М. (1871). Охота во Внутренней Орде // Журнал Охоты. № 1-2. С. 49-51.
- Барданес Х. (2007). О животных, находящихся в киргиз-казацких степях. В кн. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков / Сост. И.В. Ерофеева. Т. IV. Алматы: Дайк-Пресс. 368 с.+8 с.вкл.
- Гавердовский Я.П. (2007). Обзорение киргиз-кайсацкой степи (часть 2) или Описание страны. В кн. История Казахстана в русских источниках XVI-XX веков. Т.V. Сост. И.В. Ерофеева, Б.Т. Жанаев. Алматы: Дайк-Пресс. 620 с.
- Дело о составлении правил об охоте в Степных областях. ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 31664.
- Евреинов А. (2010). Очерк образа жизни киргизов Букеевской Орды. В кн. История и культура казахского народа в XVIII – начала XX вв. в русской периодической печати в 10 томах. Т.3. Астана: ТОО Парасат. 400 с.
- Жуков Ф. (2006). Охота в Туркестанском крае // «Туркестанская степная газета» – этнографические рассказы / Отв. ред. Картаева Т.Е., Балтабаева Б.Е. Павлодар. 299 с.
- Загряжский Г.С. (1874). Быт кочевого населения долин Чу и Сырдарьи // Туркестанские ведомости. № 29. С.114-115.
- Залесский Б. (1991). Путешествие в киргизские степи. Алматы: Онер. 132 с.
- Казахи. (1995). Историко-этнографические исследования (коллектив авторов). Алматы: Казахстан. 352 с.
- Kazakhs. History and culture (2018). Almaty: JSC ABDI Company. 656 p.
- Кушкумбаев А.К. (2001). Военное дело казахов в XVII- XVIII веках. Алматы: Дайк-Пресс. 172 с.
- Картаева Т.Е. (2015). Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы. Алматы: Арыс. 448 б.
- Муканов М. С. (1983). Охота с ловчими птицами // Изв. АН Каз. ССР. № 3. С. 48-55.
- Народы России. (1880). Этнографические очерки. Т.2. Санкт-Петербург: Типография Товарищества «Общественная польза». 648 с.
- Пашино П.И. (1868). Туркестанский край в 1866. Путевые заметки. СПб. 179 с.
- Переписка с Оренбургским и Самарским генерал-губернатором и др. Об отправке к императорскому двору дрессированных беркутов. ҚР ОМА. Қ.44. Т.1. Іс 2845.

Полферов Я.Я. (1896). Тургайская область на Всероссийской художественной и промышленной выставке в Нижнем Новгороде. Москва. 238 с.

Прошлое Казахстана в источниках и материалах. (1935). Сб.1. / Под ред. проф. С.Д. Асфендиярова и проф. П.А. Кунте. Алма-Ата: Казахское краевое издательство. 300 с.

Российские академические экспедиции XVIII века об этнографии казахов. (2007). 2-изд. доп. Астана: Алтын кітап. 240 с.

Toktabai Akhmet. (2013). *Kazakh borzoi tazy*. Almaty: Atamura. 160 p.

Туркестанский край. (1880). Опыт военно-статистического обозрения Туркестанского военного округа. Составил полковник генерального штаба Л.О.Костенко. Т.III. С.-Петербург: Типография товарищества «Общественная польза». 302 с.

Уәлиханов Ш.Ш. (2010). Көп томдық шығармалар жинағы. Т.І. 2-басылым. Алматы: Толағай групп. 376 б.

Хинаят Б., Исабеков Қ.М. (2007). Саятшылық қазақтың дәстүрлі аңшылығы. Алматы: Алматыкітап». 208 б., суретті.

References

Babadzhanov K.H.M. (1871). Okhota vo Vnutrenney Orde [Hunting in the Inner Horde] // Zhurnal Okhoty. № 1-2. 49-51pp.

Bardanes K.H. (2007). O zhivotnykh, nakhodyashchikhsya v kirgiz-kazatskikh stepyakh [About animals in the Kirghiz-Cossack steppes]. V kn. Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh KHVІ- KHKH vekov. Sost. I.V.Yerofeyeva. T. IV. Almaty: Dayk-Press. 368 p.+8 s.vkl.

Yevreinov A. (2010). Oчерk obraza zhizni kirgizov Bukeyevskoy Ordy [Essay on the way of life of the Kirghiz of the Bukeyev Horde]. V kn. Istoriya i kul'tura kazakhskogo naroda v XVIII- nachala XX vv. v russkoy periodicheskoy pechati v 10 tomakh. T.3. Astana: TOO Parasat. 400 p.

Gaverdovskiy YA.P. (2007). Obozreniye Kirgiz-kaysakskoy stepi (chast'2) ili Opisanie strany [Review of the Kirgiz-Kaisak steppe (part 2) or Description of the country]. V kn. Istoriya Kazakhstana v russkikh istochnikakh XVI- XX vekov. T.5. Sost. I.V. Yerofeeva, B.T.Zhanaev. Almaty:Dayk-Press. 620 p.

Delo o sostavlenii pravil ob okhote v Stepnykh oblastiakh [The case of drawing up rules on hunting in the Steppe regions]. KR OMA. K.44. T.1. Is 31664.

Zhukov F. (2006). Okhota v Turkestanskom kraye // «Turkestanskaya stepnaya gazeta» – etnograficheskiye rassказы. [Hunting in the Turkestan region // “Turkestan steppe newspaper” – ethnographic stories]. Otv. red. Kartayeva T.Ye., Baltabayeva B.Ye. Pavlodar. 299 p.

Zagryazhskiy G.S. (1874). Byt kochevogo naseleniya dolin Chu i Syrdar'i [Life of the nomadic population of the Chu and Syr Darya valleys] // Turkestanskiye vedomosti. № 29. 114-115 pp.

Zalesskiy B. (1991). Puteshestviye v kirgizskiy stepi [Journey to the Kyrgyz steppes]. Almaty: Oner. 132 p.

Kazakhi. (1995). Kazakhi (kollektiv avtorov) [Kazakhs (group of authors)]. Almaty: Kazakhstan. 352 p.

Kazakhs. History and culture (2018). Almaty: JSC ABDI Company. 656 p.

Kushkumbayev A.K. (2001). Voyennoye delo kazakhov v XVII- XVIII vekakh [Military affairs of the Kazakhs in the XVII-XVIII centuries]. Almaty: Dayk-Press. 172 p.

Kartaeva T.E. (2015). Sir onirin dasturli etnografiysi [Traditional ethnography of Syr region]. Almaty: Aris. 448 p.

Mukanov M. S. (1983). Okhota s lovchimi ptitsami [Hunting with birds of prey] // Izv. AN Kaz. SSR. № 3. pp. 48-55.

Narody Rossii. (1880). Etnograficheskiye oчерki [Peoples of Russia. Ethnographic essays]. T.2. Sankt-Peterburg: Tipografiya Tovarishchestva «Obshchestvennaya pol'za». 648 p.

Pashino P.I. (1868). Turkestan region in 1866. Travel notes [Turkestanskiy kray v 1866. Putevyye zametki]. SPb.179 p.

Perepiska s Orenburgskim i Samarskim general-gubernatorom i dr. Ob otpravke k impertorskому dvoru dressirovannykh berkutov [Correspondence with the Orenburg and Samara governor-general, etc. About sending trained golden eagles to the imperial court]. KR OMA. K.44. T.1. Is 2845.

Polferov YA.YA. (1896). Turgayskaya oblast' na vserossiyskoy khudozhestvennoy i promyshlennoy vystavke v Nizhnem Novgorode [Turgai region at the All-Russian Art and Industrial Exhibition in Nizhny Novgorod]. Moskva. 238 p.

Proshloye Kazakstana v istochnikakh i materialakh. (1935). [The past of Kazakhstan in sources and materials]. Sb.I. Pod ped. prof. S.D.Asfendiyarova i prof. P.A.Kunte. Alma-Ata: Kazakskoye kraeyevoye izdatel'stvo. 300 p.

Rossiyskiye akademicheskiye ekspeditsii XVIII veka ob etnografii kazakhov. (2007). [Russian academic expeditions of the 18th century about the ethnography of the Kazakhs]. 2-izd.dop. Astana: Altyn kitap. 240 p.

Toktabai Akhmet. (2013). *Kazakh borzoi tazy*. Almaty: Atamura. 160 p.

Turkestanskiy kray. (1880). Opyt voyenno-statisticheskogo obozreniya Turkestanskogo voyennogo okruga [Turkestan region. Experience of the military-statistical review of the Turkestan military district]. Sostavil polkovnik general'nogo shtaba L.O.Kostenko. T.3. S.–Peterburg: Tipografiya tovarishchestva «Obshchestvennaya pol'za». 302 p.

Ualikhanov Sh.Sh.(2010). Kop tomdik shigarmalar jinagi [Multi-volume collection of works] T.I/ 2-basılım. Almaty: Tolagay group. 376 p.

Khinayat B., Issabekov Q.M. (2007). Sayatshılık kazakhtin dasturli anshılıgı [The sayatshilik is traditional Kazakh hunting]. Almaty: Almatykitap». 208 p., with pictures.